



“Haileybury Astana мектебі FOBISIA-ға мүше болу талаптарына толығымен сәйкес келеді. Мектеп қауымдастығымен тығыз жұмыс жасау нәтижесінде, Haileybury Astana мектебі қазіргі уақытта оқушылар санының күн сайын артып келе жатқандығын атап өтеді. Осыған орай, орындарға сұраныс мектеп мүмкіндігінен асып түсетіндіктен, орын күту режімі ұсынылуда.”



“Бізге қызметкерлерді іріктеу процесі, әсіресе Haileybury Astana мектебінің жұмысқа орналасуға өтінім беретін мүдделі мұғалімдерге ұсынатын ақпаратты үлкен әсер қалдырды.”

“Қорытындылай келе, FOBISIA-ға мүше болып кіру Haileybury Astana мектебіне кәсіби даму мүмкіндіктерінен бастап, сапаны қамтамасыз етуге және байланыс орнатуға дейінгі бірқатар артықшылықтарды беретінін атап өткен жөн. Бұл Азиядағы жоғары сапалы британдық білім беруді қамтамасыз етуге ұмтылатын мектеп үшін өте маңызды қадам.”



  
**Haileybury Astana**

[www.haileybury.kz](http://www.haileybury.kz)  
+7 (7172) 55 98 55

 hbastana	 HaileyburyAstana
 HaileyburyAstanaOfficial	 Haileybury Astana
 haileyburyastana	 haileybury-astana

  
**Haileybury Astana**

**FOBISIA**  
ESTABLISHED IN 1988

  
**Haileybury Astana**




**Инспекциялық  
есеп**

“Мектеп аумағы мен оның жабдықталуы барлық талапқа сай жүзеге асырылған. Спорт, музыка, орындау өнері, ғылым, өнер және дизайн технологиясы сияқты іс-шаралар үшін мектеп қажетті қормен жоғары деңгейде қамтамасыз етілген және біз өз көрген дүниелерімізге таң қалып, көңіліміз толды.”



“Мектеп нақты әзірленген оқу жоспарларын қолданады. Оқу жоспарлары әртүрлілігімен, тереңдігімен және тепе-теңдігімен ерекшеленеді. Мектепте көптеген қызықты және өзекті тақырыптар бар, олар барлық факультеттерде айқын көрсетілген.”

“Мектеп ішімен серуендеп жүріп, біз оқушылардың мінез-құлқы туралы белгілі бір түсінікке ие бола алдық және мектептің өз оқушыларынан не күтетінін жоғары бағалаймыз.”



“Сандық оқыту бүкіл мектептің тыныс-тіршілігінен анық байқалады, ал STEM пәндері, әсіресе Makerspace аймағында кең таралған.”



“Әңгіме барысында мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ең басты міндет екені белгілі болды. Мектепте қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нақты саясаттар мен хаттамалар бар.”



“Мектеп ішінде көптеген көрмелер мен жоғары деңгейлі шығармалар бар. Мектепте әл-ауқат пен тұрақтылық маңызды орын алады.”